

Чех Республикасының Президенті Вацлав Клаустың Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 7 қыркүйектегі N 250-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасы мен Чех Республикасының арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және 2004 жылғы 8-10 қыркүйекте Алматы қаласында Чех Республикасының Президенті Вацлав Клаустың Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша):
қосымшаға сәйкес Чех Республикасы ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын;

2004 жылға арналған республикалық бюджетте 001 "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды тұлғаларының қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды және Қазақстан Республикасы мен Чех Республикасының іскер топтары өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстелді өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Чех Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Чех Республикасының Президенті Вацлав Клаустың арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Алматы қаласының әуежайына қонуын және ұшып шығуын;

Алматы қаласының әуежайында Чех Республикасы Президентінің арнайы ұшағына техникалық қызмет көрсетуді, тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

6. Алматы қаласының әкімі Чех Республикасының делегациясы баратын жерлердегі күтіп алу және шығарып салу, сондай-ақ Алматы қаласының әуежайы мен көшелерін безендіру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін;

Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы мен Чех Республикасының мүдделі мемлекеттік органдары, іскер топтары өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстелді ұйымдастырсын.

7. Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы (келісім бойынша) Алматы қаласының әуежайында Чех Республикасының Президенті Вацлав Клаусты күтіп алу мен шығарып салу рәсіміне қатыссын және Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың атынан қабылдау кезінде концерттік бағдарлама ұйымдастырсын.

8. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 7 қ ы р к ү й е к т е г і

№ 2 5 0 ө к і м і н е

қосымша

Чех Республикасы ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. 1+11 форматы бойынша Чех Республикасы ресми делегациясының мүшелерін Алматы қаласында орналастыру ("Риджент - Алматы" қонақ үйі), тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін "Риджент - Алматы" қонақ үйіне орналастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейдждер, автокөліктерге арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

4. Чех Республикасы делегациясының басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және кәдесыйлар сатып алу.

5. Чех Республикасының ресми делегациясын Алматы қаласының әуежайында күтіп алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың атынан Чех Республикасының Президенті Вацлав Клаустың құрметіне Алматы қаласында ресми қабылдауды ұйымдастыру.

7. Алматы қаласында Қазақстан Республикасы мен Чех Республикасының іскер топтары өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстелді өткізуге қажетті залды, слайд-проекторды, компьютерді, ілеспе аудармаға арналған жабдықтарды, микрофондарды, құлақшаларды жалға алуға және кеңсе заттары мен минералдық с у с ы н а л у ғ а а қ ы т ө л е у .

8. Ресми делегацияның мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК